



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 88 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

**ҚР Ұлттық Банкі, Назарбаев Университет және  
ҚР Білім және ғылым министрлігі ынтымақтастық туралы  
меморандумға қол қойды**

**2014 жылғы 2 желтоқсан**

**Алматы**

ҚР Ұлттық Банкі, Назарбаев Университет және ҚР Білім және ғылым министрлігі ағымдағы жылғы 30 қарашада ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Тараптар арасындағы ынтымақтастық Қазақстан Республикасының қаржы секторы үшін мамандар даярлауды болжайды. Назарбаев Университет MBA, басшыларға арналған MBA, MSc, PhD бағдарламалары және Ұлттық Банктің басшы қызметкерлері үшін бағдарламалар бойынша оқыта бастайды.

Ынтымақтастық туралы меморандумға Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімовтің қатысуымен Назарбаев Университеттің Жоғары Бизнес Мектебінің (ЖБМ) және Жоғары Мемлекеттік Саясат Мектебінің (ЖМСМ) жаңа ғимаратының салтанатты ашылуы рәсімі шеңберінде қол қойылды. Бұл іс-шара ҚР Тұңғыш Президенті күніне орайластырылды.

Назарбаев Университеттің Президенті Шигео Катсудың айтуынша, Жоғары Бизнес Мектебінің және Жоғары Мемлекеттік Саясат Мектебінің жаңа ғимаратында әлемдік деңгейдегі көлемді іс-шараларды, семинарларды және конференцияларды өткізуге мүмкіндік беретін үлкен дәрісханалар, сыйымдылығы әр түрлі конференц-залдар және бейнеконференция залдары көзделген. Барлық жоспарлы шешімдер оқытудың соңғы технологиялары, сондай-ақ энергиялық тиімділіктің жаңа технологиялары ескеріле отырып әзірленді.

***Анықтама үшін:** Назарбаев Университеттің Жоғары Бизнес Мектебі және Жоғары Мемлекеттік Саясат Мектебі 2012 жылы жетекші шетелдік білім беру мекемелерімен әріптестікте ашылды. MBA күндізгі бағдарламалары бойынша BusinessWeek 2014 рейтингінде 1 орын алатын АҚШ-тың Дьюк Университетінің Фукуа Бизнес Мектебі НУ Жоғары Бизнес Мектебінің стратегиялық әріптесі болды.*

*Мемлекеттік Саясат Мектебі QS дүниежүзілік университеттер рейтингіне сәйкес 2014 жылы академиялық беделі бойынша Азияда 1-орынды және әлемде 22-орынды алатын Сингапур Ұлттық университетінің Ли Куан Ю атындағы Мемлекеттік саясат мектебімен ынтымақтасады.*

**Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).**